

Көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Шұбар ауыл округі әкімінің 2020 жылғы 3 наурыздағы № 04 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 наурызда № 5466 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Түркістан облыстық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Шұбар ауыл округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шұбар ауыл округінің ауылдарындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Шұбар ауылындағы атауы жоқ көшеге- Абылайхан атауы;
- 2) Шұбар ауылындағы атауы жоқ көшеге – Майқы би атауы;
- 3) Шұбар ауылындағы атауы жоқ көшеге – Сабыр Рахимов атауы;
- 4) Береке ауылындағы атауы жоқ көшеге – Қожа Ахмет Йассауи атауы;
- 5) Жусансай ауылындағы атауы жоқ көшеге – Сұлтан Бейбарыс атауы.

2. "Шұбар ауыл округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Ордабасы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шұбар ауыл округінің әкімі

Қ. Ендібай

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК